



Бекітемін:
МБДО "Мір" менеджерісі
Жиембаева М.Б.

2024-2025 оқу жылына арналған ән-күй жетекшісінің
перспективалық жұмыс жоспары
«Самұрық» ересек тобы

Жауапты: Денисенко Екатерина Ивановна

Білім беру ұйымы: «Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы

Топ: «Самұрық» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қ Ы Р К Ү Й Е К	Балаларға музыканы тыңдауды үйрету, саппен, маршпен жүруді үйрету. Музыканың сипатын түсінуге үйрету. Әртүрлі музыкалық іс-шаралар арқылы музыкалық өнерге деген тұрақты қызығушылықты дамыту: музыка тыңдау, ән айту, билеу, музыкалық ойындар және шығармашылық тапсырмалар беру.
Қ А З А Н	Музыканың сипатын түсінуге үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациямен салыстыра білуді қалыптастыру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға үйрету. Оларды есте сақтауға және білуге үйрету.
Қ А Р А Ш А	Мерекелік атмосфера жасау және балалардың көркемдік қабілеттерін дамыту. Музыкалық және ертегі қойылымдарында музыканың ырғағымен мәнерлі және эмоционалды жеткізуге үйрету. Ән күй жетекшісінің күнделікті іс-әрекеттерде музыканы қолданудағы құзыреттілігін арттыру Музыкалық білім беру мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің мәдениетін арттыру

	Өртүрлі музыкалық іс-шаралар арқылы музыкалық өнерге деген тұрақты қызығушылықты дамыту: музыка тыңдау, ән айту, билеу, музыкалық ойындар және шығармашылық тапсырмалар.
Ж Е Л Т О Қ С А Н	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын билетуге үйрету. Ре(ми)-ля (си) диапазонында барлығымен бір қарқында әнді айтқызу. Музыканың ырғағына сәйкес қимыл қозғалыстарын жасауға, би элементтерін орындауға үйрету.
Қ А Ң Т А Р	Өртүрлі аспаптарда орындалған әндерді тыңдауға, есте сақтауға және тануға баулу. Әндерді таза, мәнерлі айтуға, сөздерін анық жеткізуге дағдыландыру. Музыканы ырғағына сәйкес қимыл қозғалыстар жасауға, би элементтерін орындауға үйрету.Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау. Музыкалық жанрлар ән, би,маршпен таныстыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету.
А Қ П А Н	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын билету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Ре(ми)- ля (си) диапазонында барлығымен бір қарқында әнді таза айтқызу.
Н А У Р Ы З	Балалардың музыкалық аспаптар, олардың дыбыстары және ойнау техникасы туралы түсініктерін кеңейту, музыкаға және музыкалық шығармашылыққа танымдық қызығушылығын дамыту Балалардың музыкалық шығармалардың сипатын қабылдау және түсіну қабілетін дамыту, жыл мезгілдері туралы шығармалармен танысу арқылы қиял-ғажайып ойлауды, шығармашылық қиялды және эмоционалды жауаптылықты дамыту.

С Ә У І Р	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ересектердің орындауындағы және аудио бейнежазбалардағы әуенді тыңдауға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, вокалдық және ырғақты дағдыларын дамыту Балаларды халық музыкасымен таныстыру және өз халқының мәдени мұрасына құрметпен қарауға тәрбиелеу Музыкалық ырғақты қимылдар,ән айту дағдыларын қалыптастыру. Би қимылдарын нығайту.
М А М Ы Р	Музыкалық шығарманы иллюстрациямен салыстыра білуді қалыптастыру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету. Балаларды музыкалық аспаптармен. Сыбызғы,металлафон,қоңырау, сылдырмақ,барабанмен сондай ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.